

# ПРЕЗЕНТАЦ ИЯ

“НҰРЛЫ ЖОЛ”-Жаңа экономикалық саясат  
негізі

Орындаған:Артукбаева.И  
Қабылдаған:Сыздықова.Г  
Тобы:103-24А

# Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы





**«Нұрлы жол - болашаққа бастар жол»  
Астана қаласы, 11 қараша 2014 жыл**

# Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев:

«Менің тапсырмама сәйкес Үкімет дамудың ауқымды жаңа бағдарламасын әзірлеуді аяқтады.

Бүгінде біздердің алдымызда тұрған сын-қатерлерге жауап бере отырып, мен Қазақстанның «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын жария етемін.

Дәл осыған мен 2015 жылға арналған халыққа Жолдауымды арнаймын»

# «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

## НҰРЛЫ ЖОЛ - ПУТЬ В БУДУЩЕЕ



# «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын  
ұланғайыр аумақтың иесі.

Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен  
еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді.  
"Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара" деген  
қағида қалыптасқан.

Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы  
айрықша маңызға ие.

Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы  
Жібек Жолын жағалай қоныс тепкен.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Ә. Назарбаев

# «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі.

Барлық аймақтар темір жолмен, тас жолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек.

Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс.

Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады.

Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады.

Ел ішінен тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету – бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Ә. Назарбаев

## «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Кезінде Ұлттық Қордың не үшін құрылғанын қаперлеріңізге салғым келеді.

Оның басты міндеті - тұрақты әлеуметтік - экономикалық дамуды қамтамасыз ету және экономиканы сыртқы жайсыз жағдайлардан қорғау.

Дәл қазір біздің осы қорымызды қажетке жарататын кез келді. Қазақстан өзге елдердің қателіктерін қайталамай, экономикалық өсім үшін ішкі қорын барынша тиімді пайдалануы тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Ә. Назарбаев


# «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Үкіметке Ұлттық Қордан бөлінген қаржының тиісті бағыттар бойынша тиімді және орынды жұмсалуды қамтамасыз етуді жүктеймін.

Әрбір теңгенің қатаң сұрауы болады.

«Нұр Отан» бұл жұмысқа белсене атсалысып, партиялық жіті бақылау орнатуы қажет.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Ә. Назарбаев



Қазақстан 2050  
**МӘҢГІЛІК ЕЛ**

Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық.

Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Ә. Назарбаев

## Мәңгілік Ел

Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі.

Ол "Қазақстан-2050" стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры!

Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел!

Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.

Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Ә. Назарбаев

# «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі.





Ауызбіршілік  
қашқан, алауыздық  
тасқан жерде  
ешқашан да  
жалпыұлттық  
идеялар жүзеге  
асқан емес.

Қазақстанның  
шыққан шыңы мен  
бағындырған  
биіктерінің ең  
басты себебі –  
бірлік, берекесі.

Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз  
жарқын болсын!

Баршаңызға "Нұрлы Жол" Жолдауын жүзеге  
асыруда табыс тілеймін!

